

Осы мысалдардың ішінде қазіргі таңда *деп аталады, деп атайды* конструкциялары белсенді қолданылады.

1) *-қаниша, -кенше, -ғаниша, -генше* көсемшелері келер шақ мағынасын береді. *Құр-ғақшылық түскенше, тұқымды сепкенше, жұмсалып біткенше, тұқымдануға жарап піскенше, желімге айналғанша, ішіне енгенше, қоректік заттар біткенше, т.б.*

Қорытынды:

– оқулық мәтнінде ең жиі қолданылатын тұлғалар: *-а, -е, -й; -ып, -іп, -п;*

– Кездесу жиілігі бір бетте шамамен 20-дан асады;

– Ең аз кездесетіні: *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі;*

– Қазіргі оқулықтармен салыстырғанда есімше мен көсемше тұлғаларының қолданысында көп айырмашылық жоқ.

Есімше, көсемше тұлғаларының тарихы өте тереңде болғандықтан қай кезең болмасын олар үнемі белсенді қолданылған

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы [Мәтін]/[құраст. О. Жұбаева]. – Астана : Алаш Орда, 2017. –752 б.

[2] Кеменгерұлы Қ. Оқу құралы. I кітап – Ташкент, 1928. –134 б.; II кітап – Қызылорда, 1929. –194 б.

[3] Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1999. –214-250 б.

[4] Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. (Етістік) – Алматы: Мектеп, 1966. –156 б.

[5] Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созданной 2-4.06.1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦККА. –Қзылорда, 1930. – 482с.

[6] Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.

МРНТИ16.01.00

Ж. Тұрғынбаева

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері

ШЕТТІЛДІК ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДА ТАҢБАЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация. Көптеген топонимдік атаулар жазу-сызу пайда болмай тұрып-ақ белгілі бір нысан жайлы ақпараттық, сілтеушілік қызмет атқарған. Топонимиканың география, тарих, этнографиямен тығыз байланысы оның мәдени құндылыққа ие сала екенін растай түседі. Шеттілдік ономастикалық атаулардың тіліміздің дыбыстық жүйесіне сай дұрыс рәсімделіп, бірізді стандартқа сәйкес транслитерациялануына аса көңіл бөлінгені жөн. Мақалада дүниежүзілік саяси карта мен шеттілдік атаулар анықтамалығын әзірлеу барысында экзонимдерді қазақ тілінде транслитерациялауда туындаған мәселелер сөз болады.

Тірек сөздер: ономастика, экзонимдер, транслитерация, транскрипция.

Ж. Тургынбаева

Младший научный сотрудник Института языкознания
имени А.Байтұрсынова
Алматы, Қазақстан

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕДАЧИ ИНОСТРАННЫХ ОНОМАСТИЧЕСКИХ НАЗВАНИЙ СРЕДСТВАМИ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ

Аннотация. Многие топонимические названия выполняли информативную и указательные функции еще до появления письменности. Тесная связь топонимии с географией, историей, этнографией подтверждает, что это область обладает особой культурной ценностью. Особое внимание следует уделять правильному оформлению иностранных ономастических имен в соответствии со звуковой системой нашего языка и их транслитерации в соответствии с единым стандартом. В статье рассматриваются проблемы транслитерации экзонимов на казахском языке, возникшие при разработке всемирной политической карты и справочника иностранных географических названий.

Ключевые слова: ономастика, экзонимы, транслитерация, транскрипция.

Zh. Turgynbaeva

Junior researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov
Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS OF WRITING FOREIGN ONOMASTIC NOMINATIONS IN LATIN SCRIPT

Annotation. Many toponymic names served as information and reference to a specific object even before the advent of writing system. The close connection of toponymy with geography, history, ethnography confirms the fact that this is an area of cultural value. Particular attention should be paid to the correct formulation of foreign onomastic nominations in accordance with the sound system of our language and their transliteration in accordance with the single standard. The article deals with the issues of transliteration of exonyms in the Kazakh language in the development of a world political map and a directory of foreign geographical names.

Key words: onomastics, exonyms, transliteration, transcription

Елбасының «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» 2017 жылғы 26 қазандағы Жарлығы уақыт талабынан туындаған маңызы жоғары игі бастамалардың бірі болды. Қазақ тілінің, қазақ ұлтының болашағы үшін жасалған ғылыми-әлеуметтік мәні зор қадам жалпыхалықтық талқылаудан өтіп, арнайы мемлекеттік комиссияға тапсырылды. Мәселе заманауи технологиялар мен коммуникация құралдары, білім беру мен ғылым саласымен тығыз байланыста қаралуда. Латын графикасына негізделген әліпбидің алғаш бекітілген нұсқасының кемшін тұстарына өзгерістер енгізіліп, қайта сараланған, түзетілген нұсқасы жұртшылыққа жарияланған болатын.

Латын әліпбиіне көшу тілдің дамуына жағдай жасап, қолданыс аясын кеңейтеді, кірме дыбыстардың төл сөздерге қатысты ықпалын жоюға, жазу заңдылығын сақтауға жол ашады. Қазақ тілінің төл дыбыс құрамына қарай жасалған әліпби үлгісі мен емле-ережесі географиялық атаулардың да дұрыс жазылуын қамтамасыз етеді.

Топонимдер экономикалық, геосаяси және әлеуметтік-мәдени маңызына қарай *гипертоним* (материк, мұхит, полюстер, т.б.), *макротопоним* (мемлекет астаналары, штат, облыс, тау жүйесі, ірі теңіздер, өзен, арал, т.б.), *регионим* (аумақтық маңызы бар топонимдер) және *микротопонимдерге* (шағын географиялық нысандар) бөлінеді. Бүгінгі күні шетелдік атаулар жүйесі, яғни экзонимдерді транслитерациялау мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары, оқу құралдары, саяси карталарды бұларсыз елестету мүмкін емес. Географиялық атаулардың ұзақ уақыт өмір сүруінің арқасында олар тарихи құнды материал болып табылады. Сондықтан олардың ұлттық, танымдық, ақпараттық, әдрестік сипаттарына нұқсан келмеуі аса маңызды. Шеттілдік атауларды қолдану барысында аударма, транскрипция және транслитерация әдістері қолданылады.

Жалқы есімдер мен географиялық атауларды жазуда әсіресе транслитерация кең қолданысқа ие. Топонимдерді транслитерациялау барысында олар фонетикалық, морфологиялық және сөзжасамдық түрленімдерге ұшырайды. Шет тілдік топонимдерді түпнұсқа формасына барынша ұқсатып жазу қазақ тілі ғана емес, тіл-тілдің қайсысына болса да қиындық тудырады. Сондықтан транскрипциялау барысында орфографиялық нормадан ауытқушылықтарға жол беріледі.

Бір тілдің әліпбиі екінші тілдің әліпбиі құрамымен сәйкес келмеуінің салдарынан транслитерация жасау процесі барысында көптеген қиындықтар туып жатады. Қазақстандағы жер-су атауларымен қатар шеттілдік топонимдерді латын әліпбиімен транслитерациялау күрделі мәселе болғандықтан, арнайы принциптерді қажет етеді. Бұл мәселені шешу бағытында арнайы ережелер мен анықтағыштарды дайындау жоспарланып, дайындалуда. Ол «Қазақстан Республикасындағы жер-су, елді мекен атаулары (эндонимдер) және шет мемлекет атаулары, жер-су, елді мекен атауларын (экзонимдер)» жазу мәселелерін қарастырады [1]. Бұл жағдай азаматтардың аты-жөнін дұрыс рәсімдеу ісіне де қатысты.

Шеттілдік географиялық атауларды латын графикасында таңбалауда қиындық тудыратын *ц, ч, э, ю, я* әріптері. Дүние жүзіндегі физика-географиялық нысандар, шетел мемлекет атауларының басым көпшілігі БАҚ, карта, оқулықтарда орыс тілінде қалыптасқан нормаларға сәйкес дыбысталып, жазылады. Мысалы: *Кюсю* (ескі нұсқаларда Киу-Шиу немесе Киу-Сиу түрінде берілген екен), *Хонсю, Ницца, Тятя, Циция, Аяччо, Кююкюю, Цзяюйгуань, Шицзячжуан*. Қазақ тіліндегі өзге тілді ономастикалық атаулар анықтамалығын әзірлеу барысында бұл атаулар сәйкесінше *Күсю, Хонсю, Нитца, Тиата, Тсиса, Аяччо, Күюкүю, Тсзяюйгуань, Шитсзячжюан* түрінде берілді.

Сол сияқты Венгрия, Германия, Франция, Гвинея, Португалия, Грузия т.б. сияқты мемлекет атаулары *-ия* қосымшасын жалғау арқылы қолданылып келеді. Бұл тек шеттілдік географиялық атауларға ғана тән емес, Қазақстан Республикасындағы көптеген географиялық атаулардың құрамында *-ск, -ский, -ское, -ино, -ово* қосымшалары кездеседі. Орыс тілінде *-ск* қосымшасы қала атауларына қатысты ең өнімді модельдердің бірі. Ол ежелгі қала атауларында ғана емес, жана қалалар атауында да көптеп кездеседі. *-ск* негізінен қала немесе бұрын қала статусына ие болған атаулар құрамында кездессе, ал *-ино, -ово* ауылдық елді мекен атауларына тән [2].

Академик Р.Сыздықтың «Орфография қосамжар болмауы үшін қазіргі қазақ әліпбиіндегі *ш, ы, ь, ь, я, ю* әріптерінің және *ь, ь* белгілерінің таңбасын әліпби құрамынан мүлде алып тастап, қазақтың сөйлеу тіліне жақындататын ереже баптарын қарастыру керек», сондай-ақ ... «Жалпы *я, ю, ь* әріптері дыбыстардың қосындысын білдіреді. Мұндай дыбыстардың қосындысы қазақ тілінде екі вариантта (жуан және жіңішке), яғни *йа-йә, йу-йү* түрінде кездеседі. Сондықтан мұндай әріптерді әліпби құрамынан мүлде алып тастауға болады. Өйткені қазақ орфографиясында *йа-йә* тәрізді әріптік тіркестермен беруге болатын прецедент бар. Сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін келетін *я* әрпін қосынды *й+а* немесе *й+ә* арқылы, ...ал *ш* дыбысын *ш* әрпімен, *ы* дыбысын *с, тс* арқылы таңбалауға әбден болады» деген пікірлері бар. Қазақстан географиялық атауларының лагынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережесіне сәйкес *э, э, ю, я* әріптері қазақ тілі әліпбиіндегі *е, е, йу, іа* таңбаларына сәйкес жазылады, ал *ь, ь* белгілерінің таңбасы түсіріліп жазылады. Бұл ереже шеттілдік географиялық атауларды латын графикасында таңбалау барысында да басшылыққа алынып, оларды транслитерациялағанда тіліміздің дыбыстық жүйесіне жақын болумен қатар, шеттілдік атаудың бастапқы танымалдығын жоғалтпаудағы басты қағидат болмақ[3].

Ережеге сәйкес сын есімдер толық немесе жартылай аударма жасау арқылы аударылып қолданылады. Біріккен, дефиспен берілген атаулар Северобайкальск, Горно-Алтайск, Северо-Енисейский, Северо-Курильск, Южно-Сахалинск дегендерді Солтүстік Байкал, Таулы Алтай, Солтүстік Енисей, Солтүстік Курил, Оңтүстік Сахалин деп алынса, Новгород, Новосибирск, Новокузнецк, Новороссийск, Новочеркасск, Нижнекамск, Верхнеднепровск сияқты қала атаулары аударуға келмейді. Кейбір мемлекеттер Черногорияны мағынасына қарай Montenegro, Karadağ тікелей аударып қолданады. Еуропадағы бұл мемлекеттің «Қазақ» газетінде Қаратау/Қаратаулық деп қолданылғанын көруге болады: «Болгар, Серб, Қаратау һәм Грек 1912 жыл басында уағда қылып ахыреттік дос болған еді», «...Бельгия, Сербия, Қаратаулық, Ғалиция, Польша, Литва, Латыш құқықтарын орнына түсіру, азған бұратаналарды құрдастыққа жеткізу» [4]. Аталмыш газетте сонымен қатар Гинд жері, Австралие, Әмерике, Әпірике, Аууропа/Жауропа деп икемделген нұсқалар да кездеседі.

Латын графикасына негізделген әліпби әлі де жетілдіруді қажет етеді. Диграфтың, яғни екі құрамнан тұратын әріптердің тиімсіздігі анықталған болатын. *sh* тіркесіндегі *s* пен *h* әліпбиде жеке дыбыстардың таңбасы ретінде берілгендіктен, саяси картада, әсіресе шеттілдік атауларда кездесетін дүние жүзіндегі жер-су атауларымен қатар халықаралық әуежай аттарын жазғанда (ш мен х қатар келсе), қолайсыздықтар орын алып, оқуға қиындық тудыратыны көп айтылған болатын. Мысалы: *Arusha, Meshhed, Fridrihshafen, Ashhabad* т.б..

Топонимия – тілдің лексикалық қорын толықтырудың қуатты факторы. Шетелдік географиялық атауларды латын графикасында таңбалауда әрі түпнұсқаға барынша жақын, әрі дыбыстық жүйемізге сай (*Ресей, Мәскеу, Еуропа, Бейжін, Түркия, Аустрия* т.б.) игеру күрделі мәселелердің қатарында тұр, ол ауқымды жұмысты қажет ететіні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Рысберген Қ.Қ. Географиялық атауларды латын графикасында жазу мәселесі // Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. Филология сериясы. №1 (67), 2019.

[2] Цеханович М.А. Суффикс -ск в русской топонимии и проблема наложения морфем в оттопонимических прилагательных. Вестник ПСГТУ, вып. 3 (9), 2007.

[3] Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000. - 532 б.

[4] «Қазақ» газеті. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. Алматы, 1998. - 560 б.

МРНТИ 16.21.37

Н.Б.Оспангазиева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
кіші ғылыми қызметкері Алматы, Қазақстан

СӨЗ САЗЫ ЖӘНЕ СӨЙЛЕСУ МӘНЕРІ

Аннотация. Мақалада қазақ тілінің сөз сазы мен сөйлесу мәнері қарастырылып отыр. Сөздің қазіргі әдеби айтылуы, сөйлеу мәнері, сөйлесу мәдениетіне мән беру керектігі. Қазақ емлесінің ғылыми-практикалық мәселелерін терең талдап, реттеп, зерделеп берген қазақ ғалымдарының еңбектері жөнінде айтылады.

Тірексөздер: орфоэпия, сөз, сөйлеу, сөз сазы, орфоэпиялық принцип.

Н.Б. Оспангазиева

Младший научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова
Алматы, Казахстан

ГАРМОНИЧНОСТЬ СЛОВА И МАНЕРА РЕЧИ

Аннотация. В статье рассматриваются гармоничность слова в казахского языка и манера речи. Утверждается необходимость обращения внимания на современное литературное произношение слова, стили речи и культуру речи. В статье сообщается о трудах казахстанских ученых, в которых глубоко проанализированы и освещены научно-практические проблемы казахской орфографии.

Ключевые слова: орфоэпия, слово, речь, лексика, орфоэпический принцип.

N.B. Ospangaziyeva

Junior researcher of the Institute of Linguistics named A. Baitursynov, Almaty,
Kazakhstan

HARMONY OF THE WORD AND STYLE OF SPEECH

Abstract. The article discusses the harmony of the word in the Kazakh language and the manner of speech. The need to pay attention to the modern literary pronunciation of the word, speech styles and culture of speech is affirmed. The article reports on the works of Kazakh scientists, in which the scientific and practical problems of Kazakh spelling are deeply analyzed and highlighted.